

Бөрлі ауданы әкімінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № 9 "Бөрлі ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімінің міндетін атқарушысының 2025 жылғы 28 шілдедегі № 3 шешімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫМ:

1. Бөрлі ауданы әкімінің "Бөрлі ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2014 жылғы 17 наурыздағы № 9 "Бөрлі ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3506 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

№ 79 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 79 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Кеңтүбек ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 63, "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің "Кеңтүбек жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Кеңтүбек ауылы, Шампа, Бақтыарал қыстақтары."

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Бөрлі ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса есептегенде) қолданылады.

"КЕЛІСІЛДІ"

Бөрлі аудандық
аумақтық сайлау комиссиясы

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Д. Имашев